

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағында жергілікті масштабтағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 6 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2024 жылғы 18 маусымдағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 18.06.2024 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, "Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысының 2024 жылғы 04 сәуірдегі № 4 хаттамасы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы аумағында жергілікті масштабтағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға басшысы болып Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін бағыты бойынша орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 04 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК